

**ОСЫ ҚҰЖАТТЫ ШЫҒАРУ, ЖАРИЯЛАУ НЕМЕСЕ ТАРАТУ ЗАҢСЫЗ БОЛЫП  
ТАБЫЛАТЫН КЕЗ КЕЛГЕН ЮРИСДИКЦИЯДАҒЫ КЕЗ КЕЛГЕН ТҰЛҒАНЫҢ ІШІНДЕ  
НЕМЕСЕ АРАСЫНДА ШЫҒАРУҒА, ЖАРИЯЛАУҒА НЕМЕСЕ ТАРАТУҒА АРНАЛМАҒАН**

**«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰК АҚ ЖӘНЕ KAZMUNAIGAZ FINANCE SUB B.V 2047 ЖЫЛЫ  
ӨТЕЛЕТІН 1 250 000 000 АҚШ ДОЛЛАРЫ СОМАСЫНА 5,75% МӨЛШЕРЛЕМЕСІМЕН  
АЙНАЛЫСТАҒЫ ОБЛИГАЦИЯЛАР ЖӘНЕ 2048 ЖЫЛЫ ӨТЕЛЕТІН 1 500 000 000 АҚШ  
ДОЛЛАРЫ СОМАСЫНА 6,375% МӨЛШЕРЛЕМЕСІМЕН ОБЛИГАЦИЯЛАР СЕРИЯЛАРЫНЫҢ  
ӘРҚАЙСЫСЫ БОЙЫНША ТЕНДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ЕҢ ЖОҒАРЫ СОМАСЫНАН  
АСПАЙТЫН СОМАҒА АҚША ҚАРАЖАТЫНА САТЫП АЛУДЫҢ ТЕНДЕРЛІК  
ҰСЫНЫСТАРЫНЫҢАЛДЫН АЛА НӘТИЖЕЛЕРІН ЖАРИЯЛАЙДЫ**

**2025 жылғы 8 желтоқсанда** – «КазМұнайГаз» ҰК АҚ («Эмитент»), KazMunaiGaz Finance Sub B.V. («KMG Finance») және Эмитентпен бірлесіп, «Ұсынушы тараптар») бүгін айналыстағы: (i) 2047 жылы өтелетін 5,75% мөлшерлемесі бойынша облигациялар; және (ii) 2048 жылы өтелетін 6,375% мөлшерлемесі бойынша облигацияларды ақша қаражатына сатып алу туралы өздерінің бұрын жарияланған ұсыныстарының (бірлесіп «Облигациялар» және мұндай ұсыныстар - «Тендерлік ұсыныстар» және олардың әрқайсысы «Тендерлік ұсыныс» деп аталады) алдын ала нәтижелерін хабарлайды.

Ұсынушы тараптар әрқайсысы 2025 жылғы 21 қарашадағы сатып алу туралы ұсыныста («Сатып алу туралы ұсыныс») жазылған шарттарда екі жеке Тендерлік ұсыныс жасайды. Сатып алу туралы ұсыныс тендерлік ұсыныстардың <https://deals.is.kroll.com/kmg> веб-сайтында талаптарға сәйкестігі расталған және тіркелген жағдайда қолжетімді. Осы хабарландыруда пайдаланылатын және өзге анықтамалары жоқ бас әріптермен жазылған терминдер Сатып алу туралы ұсыныста көрсетілген мағынаға ие болады.

**Өтінімдерді ерте қабылдау сәтіндегі тендерлік ұсыныстардың нәтижелері**

2025 жылғы 5 желтоқсандағы Нью-Йорк уақыты бойынша сағат 17:00-дегі жағдай бойынша («Өтінімдерді ерте қабылдау уақыты») негізгі борыштың жалпы сомасы 429 604 000 АҚШ доллары болатын 2047 жылы өтелетін 5,75% мөлшерлемесі бойынша Облигациялар және негізгі борыштың жалпы сомасы 330 328 000 АҚШ доллары болатын 2048 жылы өтелетін 6,375% мөлшерлемесі бойынша Облигациялар тендерге ұсынылды және Тендерлік ұсыныстарға сәйкес кері қайтарып алынбады. Ұсынушы тараптар ұсынылған Облигацияларды Тендерлік ұсыныстарға сәйкес және төмендегі кестеге сәйкес сатып алуға қабылдады.

Төмендегі кестеде Ұсынушы тараптар Тендерлік ұсыныстарға сәйкес сатып алуға қабылдаған облигациялардың әрбір сериясының өтінімдерді ерте қабылдау сәтіндегі жағдай бойынша негізгі сомасы көрсетілген.

| Облигациялардың атауы                                | Бағалы қағаздың кодтары                                                                  | Борыштың өтелмеген негізгі сомасы <sup>(1)</sup> | Тендердің максималды сомасы | Тендерлік ұсыныстың негізгі сомасы <sup>(2)</sup> | Түзету коэффициенті | Сатып алуға қабылданған негізгі сома |
|------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------|-----------------------------|---------------------------------------------------|---------------------|--------------------------------------|
| 2047 ж. өтелетін 5,75% мөлшерлемесімен облигациялар  | ISIN:<br>US48667QAP00 (144A)<br>XS1595714087 (Ереже S)<br><br>CUSIP:<br>48667QAP0 (144A) | 1 250 000 000 АҚШ доллары                        | 250 000 000 АҚШ доллары     | 429 604 000 АҚШ доллары                           | 56.1535%            | 250 000 000 АҚШ доллары              |
| 2048 ж. өтелетін 6,375% мөлшерлемесімен облигациялар | ISIN:<br>US48667QAS49 (144A)<br>XS1807299331 (Ереже S)<br><br>CUSIP:<br>48667QAS4 (144A) | 1 500 000 000 АҚШ доллары                        | 250 000 000 АҚШ доллары     | 330 328 000 АҚШ доллары                           | 72.3608%            | 249 875 000 АҚШ доллары              |

(1) Тендерлік ұсыныстардың әрқайсысының қолданылу басындағы жағдай бойынша

(2) Тендерді ұйымдастыру және ақпарат беру бойынша Агент ұсынған деректерге сәйкес өтінімдерді ерте қабылдау сәтінде

Өтінімдерді ерте қабылдау сәтінде немесе оған дейін тендерге қойылған (және заңды негізде қайтарып алынбаған) және Тендерлік ұсыныстарға сәйкес Ұсынушы тараптар сатып алуға қабылдаған Облигациялар үшін ақы төлеу 2025 жылғы 9 желтоқсанда басталуы күтілетін мерзімінен бұрын төлеу күні дереу жүргізілетін болады. Облигациялары тендерге қойылған және өтінімдерді ерте қабылдау сәтінде сатып алуға қабылданған әрбір Ұстаушы өтінімдерді ерте қабылдағаны үшін Төлемді және осындай Облигациялар бойынша есептелген пайыздарды қамтитын тиісті жалпы сыйақы алады.

Әрбір тендерлік ұсыныстың шарттарына сәйкес өтінімдерді қайтарып алудың соңғы мерзімі 2025 жылғы 5 желтоқсан, Нью-Йорк уақыты бойынша 17:00-ге белгіленген болатын. Нәтижесінде, заң бойынша кері қайтарып алуға қосымша құқықтар талап етілетін белгілі бір шектеулі жағдайларды қоспағанда (Ұсынушы тараптар айқындағандай), тендерге қойылған Облигацияларды кері қайтарып алуға болмайды.

Тендерге қойылған Облигациялардың негізгі сомасы өтінімдерді ерте қабылдау сәтіндегі негізгі борыштың жалпы сомасында 500 000 000 АҚШ долларынан асып кеткендіктен (бұл Тендердің жалпы максималды сомасы болып табылады), өтінімдерді ерте қабылдау уақытынан кейін тендерге қойылған кез келген Облигациялар сатып алуға қабылданбайды.

Тендерлік ұсыныстардың қолданылу мерзімі 2025 жылғы 19 желтоқсанда, Нью-Йорк уақыты бойынша сағат 17:00-де аяқталады («Қолданылу мерзімі»). Облигациялары Депозитарийдің атына тіркелген немесе Клирингтік жүйелер арқылы сақталатын және қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін өзінің Облигацияларын тендерге шығарғысы келетін кез келген бенефициарлық иеленуші осындай Депозитариймен дереу байланысуға және осындай Депозитарийге өзінің Облигацияларын тендерге осындай бенефициарлық иеленушінің атынан қоюға нұсқау беруге тиіс. Тендерлік ұсыныстарға байланысты ілеспе хат талап етілмейді. ДТК арқылы Облигацияларды ұстайтын және қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін өз Облигацияларын тендерге шығарғысы келетін Ұстаушыларға мұндай Ұстаушылар ДТК-ның әдеттегі жұмыс сағаттарында АПТП рәсімдерін аяқтау үшін жеткілікті уақыт беруі тиіс екенін назарда ұстаған жөн.

Қолданылатын заңнамаға және Сатып алу туралы ұсыныстың шарттарына сәйкес Ұсынушы тараптар кез келген немесе барлық Тендерлік ұсыныстардың қолданылуын тоқтата алады, қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін кез келген немесе барлық Шарттардан бас тарта алады, кез келген немесе барлық Тендерлік ұсыныстардың қолданылу мерзімін ұзарта немесе шарттарын өзгерте алады.

Ұсынушы тараптар Citigroup Global Markets Limited, J.P. Morgan Securities plc және J.P. Morgan SE Тендерлік ұсыныстарға қатысты Дилер-менеджерлер ретінде және Kroll Issuer Services Limited Тендерді ұйымдастыру және тендерлік ұсыныстарға қатысты ақпарат беру жөніндегі агент ретінде тағайындады. Облигацияларды тендерге орналастыру рәсімдеріне қатысты сұрақтар бойынша Kroll Issuer Services Limited компаниясына +44 20 7704 0880 телефоны немесе [kmg@is.kroll.com](mailto:kmg@is.kroll.com) электрондық поштасы арқылы хабарласуға болады. Сондай-ақ тендерлік ұсыныстардың материалдары <https://deals.is.kroll.com/kmg> сілтемесі бойынша ұсынылған. Тендерлік ұсыныстарға қатысты сұрақтарды (i) Citigroup Global Markets Limited компаниясына +44 20 7986 8969 телефоны немесе [liabilitymanagement.europe@citi.com](mailto:liabilitymanagement.europe@citi.com) электрондық поштасы арқылы ; (ii) J.P. Morgan Securities plc компаниясына +44 20 7134 2468 телефоны бойынша немесе [em\\_europe\\_lm@jpmorgan.com](mailto:em_europe_lm@jpmorgan.com) электрондық поштасы арқылы және (iii) J.P. Morgan SE компаниясына [em\\_europe\\_lm@jpmorgan.com](mailto:em_europe_lm@jpmorgan.com) электрондық поштасы арқылы жолдауға болады.

Бұл мәлімдемені «КазМұнайГаз» ҰК АҚ атынан Басқарма Төрағасының орынбасары Диана Арысова және KazMunaiGaz Finance Sub B.V. атынан сенімхат бойынша өкіл ретінде Басқарушы директор Отмар Э.Коларюс (Otmar E. Carolus) жасады және қолданыстағы редакциясында (ЕО) 596/2014 Регламентіне сәйкес ішкі ақпаратты көпшілікке жария студі білдіреді (ол Еуроодақтан шығу туралы заңның күшіне орай Біріккен Корольдіктің ішкі заңнамасының бір бөлігі болып табылатынын қоса алғанда, қолданыстағы редакциясында) (2025 жылғы 8 желтоқсан).

Бұл хабарландыру тек қана ақпараттық сипатта болады және сату туралы ұсыныс немесе қандай да бір бағалы қағаздарды (Облигацияларды қоса алғанда) сатып алу туралы ұсынысқа шақыру болып табылмайды. Ешқандай ұсыныс, ұсынысқа немесе сатуға сұрау салу мұндай ұсыныс, ұсынысқа немесе сатуға сұрау салу заңсыз болатын ешбір юрисдикцияда жүзеге асырылмайды. Тендерлік ұсыныстар Сатып алу туралы

ұсынысқа сәйкес ғана қабылданады. Ұстаушыларға Тендерлік ұсыныстарға қатысты қандай да бір шешім қабылдас бұрын Сатып алу туралы ұсыныспен мұқият танысу ұсынылады.

Осы хабарландыруды кейбір юрисдикцияларда тарату заңмен шектелуі мүмкін. Ұсынушы тараптар, Дилер-менеджерлер және Тендерді ұйымдастыру және ақпарат беру жөніндегі агент осы хабарландыру берілетін тұлғалардан осындай шектеулерді білуді және сақтауды талап етеді.

**Бұл хабарландыру қандай да бір юрисдикцияда немесе қандай да бір тұлғадан мұндай шақыру бағалы қағаздар туралы қолданыстағы заңнамаға сәйкес заңсыз болып табылатын қандай да бір елден Тендерлік ұсыныстарға қатысуға шақыру болып табылмайды. Осы хабарландыруды және Сатып алу туралы ұсынысты белгілі бір юрисдикцияларда тарату заңмен шектелуі мүмкін. Ұсынушы тараптар, Дилер-менеджерлер және Тендерді ұйымдастыру және ақпарат беру жөніндегі агент осы хабарландыру берілетін тұлғалардан осындай шектеулерді білуді және сақтауды талап етеді.**

### **Ұсынысқа және таратуға шектеулер**

#### ***Жалпы ережелер***

Осы хабарландыру да, Сатып алу туралы ұсыныс да осындай ұсыныс заңсыз болып табылатын кез келген юрисдикциядағы қандай да бір тұлғаға жіберілген қандай да бір Облигацияларға қатысты сатып алу туралы ұсыныс немесе сауда-саттық, сату немесе қандай да бір дауыс құқығын жүзеге асыру туралы ұсынысқа сұрау салу болып табылмайды, және осындай ұсыныс заңсыз болып табылатын кез келген юрисдикциядағы Ұстаушылардан Облигацияларға тендерлік өтінімдер қабылданбайды. Шетелдік корпорация немесе басқа заңды тұлға немесе кез келген осындай юрисдикциядағы бағалы қағаздар бойынша дилер ретінде біліктілік туралы, сондай-ақ егер бұл өзгеше көзделмесе, кез келген осындай юрисдикцияда өзіне салық салуға, кез келген осындай юрисдикциядағы кез келген реттеуші органға қандай да бір өтініш беруге немесе осындай юрисдикциядағы кез келген реттеуші органға мақұлданған немесе ұсынылған кез келген құжатты өзгеше түрде алуға кез келген осындай юрисдикцияда процеске қызмет көрсету үшін қандай да бір жалпы келісім беру туралы қандай да бір талаптарды қоса алғанда, тендерлік ұсыныстар Эмитентке немесе KMG Finance-қа осындай юрисдикцияда қандай да бір міндеттемелер жүктейтін қандай да бір юрисдикцияда тікелей немесе жанама жасалмайды. Бағалы қағаздар туралы заңдар немесе басқа заңдар Тендерлік ұсыныстарды лицензияланған брокер немесе дилер жіберуін талап ететін және кез келген Дилер-менеджер немесе оның тиісті аффилирленген тұлғаларының кез келгені осындай юрисдикциядағы лицензияланған брокер немесе дилер болып табылатын юрисдикцияларда осындай Дилер-менеджерлердің немесе аффилирленген тұлғалардың тендерлік ұсыныстары (мән-жайларға байланысты) Эмитенттің және KMG Finance (мән-жайларға байланысты) атынан осындай юрисдикцияда жіберілген болып есептеледі және Дилер-менеджердің немесе оның аффилирленген тұлғаларының кез келгенінің лицензиясы жоқ осындай юрисдикциялардың ешқайсысында тендерлік ұсыныстар қабылданбайды. Осы хабарландыру да, Сатып алу туралы ұсынысты тарату да, Облигацияларды кез келген сатып алу да қандай да бір мән-жайларда осы құжат жарияланған күннен бастап Эмитенттің немесе KMG Finance істерінде ешқандай өзгерістер болмағанын немесе осы құжатта ұсынылған ақпарат осымен көрсетілген күннен кейінгі кез келген уақыттағы жағдай бойынша дұрыс болып табылатынын білдірмеуі тиіс.

Тендерлік ұсыныстарға қатысатын әрбір Ұстаушы төменде аталған юрисдикцияларға қатысты және әдетте, Тендерлік ұсыныстар шеңберінде Тендерге Облигациялар беру кезінде белгілі бір сендірулер береді деп есептеледі. Осы мәлімдемелерді жасауға жағдайы жоқ Ұстаушыдан Тендерлік ұсыныстарға сәйкес Облигацияларды сатып алуға кез келген өтінім қабылданбайды. Эмитент, KMG Finance, Дилер-менеджерлер және Тендерді ұйымдастыру және ақпарат беру жөніндегі агент Тендерлік ұсыныстарға сәйкес Облигацияларды сатып алуға арналған кез келген тендерге қатысты өзінің қалауы бойынша Ұстаушы ұсынған кез келген осындай өтініш дұрыс болып табылуына тексеру жүргізу құқығын өзіне қалдырады және егер осындай тексеру жүргізілсе және егер нәтижесінде Эмитент пен KMG Finance мұндай мәлімдеме шындыққа сәйкес келмейтінін (қандай да бір себеппен) анықтаса, онда осы тендерлік ұсыныс қабылданбайды.

Санкция қолданылатын тұлға болып табылатын ұстаушы Тендерлік ұсыныстарға қатыса алмайды. Сатып алу туралы ұсынысқа сәйкес Санкция қолданылатын тұлға тендерге ұсынатын облигациялар сатып алу үшін қабылданбайды және Санкция қолданылатын тұлға Тендерлік ұсынысты қарауға байланысты қандай да бір

акша сомасын қандай да бір мән-жайларда алуға құқығы болмайды. Эмитент (немесе Эмитент атынан KMG Finance) өзінің қалауы бойынша кез келген Облигациялар бойынша оның пікірі бойынша Санкция қолданылатын тұлға болып табылатын немесе болуы мүмкін тұлғадан ұсынысты қабылдамау құқығын өзіне қалдырады.

#### ***Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Біріккен Корольдігі***

Осы хабарландыруды, Сатып алу туралы ұсыныстарды және Тендерлік ұсыныстарға қатысты кез келген басқа құжаттарды немесе материалдарды беру жүзеге асырылмайды және мұндай құжаттарды және/немесе материалдарды қолданыстағы редакциясында Ұлыбританияның 2000 жылғы Қаржылық қызметтер және нарықтар туралы заңының («FSMA») 21-бөлімінің мақсаттары үшін уәкілетті тұлға мақұлдамады. Тиісінше, мұндай құжаттар және/немесе материалдар (i) Біріккен Корольдіктегі инвестициялар жөніндегі мамандардың анықтамасына келетін тұлғаларды (Ұлыбританияның 2000 жылғы Қаржылық қызметтер және нарықтар туралы заңның 19 (5) бабында айқындалғандай) (2005 жылғы **Қаржылық жәрдемдесу туралы бұйрық**) («Қаржылық жәрдемдесу туралы бұйрық»), (ii) Ұсынушы тараптардың жұмыс істеп тұрған қатысушылары мен кредиторларын қоса алғанда, Қаржылық жәрдемдесу туралы бұйрықтың 43 (2) бабының қолданылу аясына жататын тұлғаларды, (iii) Біріккен Корольдіктен тыс жерлерде жүрген адамдарға, немесе (iv) Қаржылық жәрдемдесу туралы бұйрыққа сәйкес заңды негізде ұсыныс жасалуы мүмкін кез келген басқа тұлғаларды (мұндай тұлғалардың барлығы бірге «**Тиісті тұлғалар**» деп аталады) қоспағанда, Біріккен Корольдікте көпшілікке таратылмайды және берілмеуге тиіс, және осы құжатта көзделген операциялар Тиісті тұлғаларға ғана қолжетімді болады және олармен ғана жүзеге асырылады. Тиісті тұлға болып табылмайтын кез келген тұлға осы хабарландыру немесе оның кез келген мазмұны негізінде әрекет етпеуі немесе оларға сүйенбеуі тиіс.

#### ***Қазақстан Республикасы***

Тендерлік ұсыныстар Қазақстан қор биржасының (KASE) және Астана халықаралық биржасының (AIX) қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасының заңдары мен нормативтік актілеріне сәйкес Қазақстан Республикасында тікелей немесе жанама түрде беріледі. Осы хабарландыру мен Сатып алу туралы ұсыныс Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі мен АХҚО Қаржы қызметтерін реттеу комитетіне келісуге жіберілмеген және жіберілмейді.

#### ***Нидерланд***

Нидерландта Тендерлік ұсыныстар түзетулері бар (ЕО) 2017/1129 Регламентінде («**Эмиссия проспектісі туралы регламент**») көрсетілгендей білікті инвесторлардан басқа қандай да бір тұлғаға немесе оның есебінен тікелей немесе жанама түрде жіберілмейді. Бұл хабарландыру да, Сатып алу туралы ұсыныс та, Тендерлік ұсыныстарға қатысты қандай да бір басқа құжаттама немесе материалдар Нидерландтың Қаржы нарықтары басқармасына (*de Autoriteit Financiële Markten*) бекітуге берілмеген немесе берілмейді. Осылайша, осы хабарландыру да, Сатып алу туралы ұсыныс та, Тендерлік ұсыныстарға қатысты кез келген басқа құжаттама немесе материалдар да Эмиссия проспектісі туралы регламентте көзделгендей бағалы қағаздардың бекітілген проспектісі болып есептелмейді. Тиісінше, Нидерландта тендерлік ұсыныстарды Эмиссия проспектісі туралы регламенттің мағынасы бойынша жария оферта арқылы жасауға болмайды және тендерлік ұсыныстарды жылжытуға болмайды және Нидерландта қандай да бір тұлғаға жіберілмейді (Эмиссия проспектісі туралы регламенттің мағынасы бойынша «білікті инвесторларды» қоспағанда). Осы хабарландыру, Сатып алу туралы ұсыныс және Тендерлік ұсыныстарға қатысты кез келген басқа құжаттама немесе материалдар (меморандумдарды, ақпараттық циркулярларды, брошюраларды немесе осыған ұқсас құжаттарды қоса алғанда) кез келген осындай тұлғаға тікелей немесе жанама түрде қарамағына жіберілмеген және берілмейді. Нидерландыға келсек, осы хабарландыру мен Сатып алу туралы ұсыныс жоғарыда аталған білікті инвесторлардың жеке пайдалануы үшін және тендерлік ұсыныстардың мақсаттары үшін ғана берілді. Тиісінше, осы хабарландыруда және Сатып алу туралы ұсыныста қамтылған ақпарат қандай да бір басқа мақсаттар үшін пайдаланылмайды немесе Нидерландтағы қандай да бір басқа тұлғаға берілмейді.

#### ***Италия***

Бұл хабарландыру да, Тендерлік ұсыныстар да, Сатып алу туралы ұсыныс та, Тендерлік ұсыныстарға қатысты қандай да бір басқа құжаттар немесе материалдар да Италияның заңдары мен нормативтік актілеріне сәйкес Қоғам және экономика жөніндегі ұлттық комиссияның («CONSOB») тексеру рәсімдерінен өтуі үшін

берілмеген немесе берілмейді. Тендерлік ұсыныстар Италияда ерекше тәртіппен қолданыстағы редакциясында 1998 жылғы 24 ақпандағы № 58 Заң декретінің («Италияның қаржылық қызметтер туралы заңы») 101-bis бабының 3-bis тармағына және қолданыстағы редакциясында 1999 жылғы 14 мамырдағы № 11971 CONSOB Қаулысының 35-bis бабының 4-тармағына сәйкес өткізіледі.

Резиденттер болып табылатын және/немесе Италияда орналасқан облигацияларды ұстаушылар немесе бенефициарлық иеленушілер уәкілетті тұлғалар арқылы тендерлік ұсыныстар шеңберінде (Италия Республикасында Италияның Қаржылық қызметтер туралы заңына, түзетулерімен 2018 жылғы 15 ақпандағы CONSOB № 20307 регламентіне және түзетулерімен 1993 жылғы 1 қыркүйектегі № 385 Заңнамалық декретке сәйкес осындай қызметті жүзеге асыруға құқығы бар инвестициялық компаниялар, банктер немесе қаржы делдалдары сияқты) және және кез келген басқа да қолданылатын заңдар мен нормативтік актілерге, сондай-ақ CONSOB және Италияның кез келген басқа да органдары қоятын кез келген талаптарға сәйкес облигацияларды ұсына алады. Әрбір делдал Облигацияларға немесе Тендерлік ұсыныстарға, осы хабарландыруға немесе Сатып алу туралы ұсынысқа байланысты өз клиенттерін хабардар ету жөніндегі міндеттерге қатысты қолданылатын заңдар мен нормативтік актілерді сақтауға тиіс.

### **Франция**

Тендерлік ұсыныстар Француз Республикасындағы жұртшылықтың назарына тікелей де, жанама да жеткізілмейді. Бұл хабарландыру да, Сатып алу туралы ұсыныс та, Тендерлік ұсыныстарға қатысты кез келген басқа құжаттама немесе материалдар Францияда жұртшылық арасында таратылмаған және таратылмайды және Эмиссия проспектісі туралы регламенттің 2 (е) бабының мағынасы бойынша тек *білікті инвесторлар* (*investisseurs qualifiés*) Тендерлік ұсыныстарға қатысуға құқылы. Осы хабарландыру мен Сатып алу туралы ұсыныс *Autorité des marchés financiers* (Қаржы нарықтарын реттеу басқармасы) тіркеу (*visa*) рәсімінен өту үшін берілмеген және берілмейді.

### **Бельгия**

Бұл хабарландыру да, Сатып алу туралы ұсыныс та, тендерлік ұсыныстарға байланысты басқа құжаттар немесе материалдар да Қаржылық қызметтер және нарықтар жөніндегі басқармаға (*Autorité des services et marches financiers / Autoriteit voor financiële diensten en markten*) бекітуге немесе тіркеуге берілмеген немесе берілмейді және тиісінше, Тендерлік ұсыныстарды Бельгияда ашық сауда-саттықта сатып алу туралы 2007 жылғы 1 сәуірдегі Бельгия заңының 3 және 6-баптарында айқындалғандай, қолданыстағы редакцияда жария офферта арқылы жасауға болмайды. Тиісінше, Тендерлік ұсыныстарды жариялауға болмайды және ұзартылмайды, және не осы хабарландыру, не сатып алу туралы ұсыныс, не тендерлік ұсыныстарға байланысты басқа құжаттар немесе материалдар немесе өз атынан әрекет ететін реттелетін нарықтарда орналастыру құралдарын жария ұсыну және орналастыру құралдарымен сауда-саттыққа жіберу туралы 2006 жылғы 16 маусымдағы Бельгия Заңының 10-бабының мағынасы бойынша «білікті инвесторларды» қоспағанда, Бельгиядағы кез келген тұлғаға тікелей немесе жанама түрде таратылмаған және таратылмайды және қолжетімді болмайды. Осы хабарландыру мен Сатып алу туралы ұсыныс жоғарыда көрсетілген білікті инвесторлардың жеке пайдалануы үшін және тендерлік ұсыныстардың мақсаттары үшін ғана жасалды. Тиісінше, осы хабарландыруда және Сатып алу туралы ұсыныста қамтылған ақпарат қандай да бір басқа мақсаттар үшін пайдаланылмайды немесе Бельгиядағы қандай да бір басқа тұлғаға берілмейді.